

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық кесімдеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 30 маусым N 899

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық кесімдеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжат; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжат; N 23, 916-құжат; 2002 жылғы 12 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 2 наурыздағы Заңы):

1) 105-баптың 2-тармағындағы "егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе" деген сөздер "егер заң актілерінде қосымша қаржыландыру көздері белгіленбесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 3 9 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

"құрылтайшылар" деген сөз алынып тасталсын;

"қадағалау кеңесінің" деген сөздер "директорлар кеңесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Алтын акциямен" куәландырылған veto салу құқығы беруге жатпайды." деген сөздермен толықтырылсын:

3) 192-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

4) 2 0 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік органның" деген сөздерден кейін "жазбаша" деген сөздермен толықтырылсын;

"кәсіпкерлік қызметтің мына түрлерін жасауға" деген сөздер алынып тасталсын;

1) т а р м а қ ш а д а :

"сатуға және беруге, айырбастауға" деген сөздер "шеттетуге немесе өзге әдістермен билік етуге (осы бапта белгіленген жағдайларды қоспағанда)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорларын" деген сөз "құралдарын" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) оған тиесілі акцияларға (осы бапта белгіленген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заемдар беруге құқығы жоқ.";

2 - т а р м а қ т а :

"қорларға" деген сөз "құралдарға" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын мүлікті, сондай-ақ оған тиесілі акцияларды сатуға және оған қатысты сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.";

5) 2 0 6 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"билік етуге" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ дебиторлық берешекті осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда есептен шығаруға," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазыналық кәсіпорын оның негізгі құралдарына жататын мүлікті сатуға және оған қатысты сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.";

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасының

Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 910, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; N 22, 789-құжат; 1999 ж., N 23, 916-құжат; 2001 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 мамырдағы Заңы):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) мәтін бойынша "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Мемлекеттік басқару және мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыру

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің функцияларын республикалық мемлекеттік меншікке билік етуге Қазақстан Республикасы Үкіметі уәкілдік берген мемлекеттік орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - уәкілетті орган) орындайды.

Министрліктер, агенттіктер, ведомстволар мен Қазақстан Республикасының Үкіметі сол үшін уәкілдік берген өзге де мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары (бұдан әрі - мемлекеттік басқару органдары) болып табылады.

2. Коммуналдық меншік құқығы субъектісінің коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарына қатысты функцияларын тиісті аумақтық бірліктің әкімшілігі (бұдан әрі - уәкілді орган) жүзеге асырады.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімшілігі не жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, әкімшілік уәкілдік берген атқарушы орган (бұдан әрі - мемлекеттік басқару органы) болып табылады."

5) 6-бапта "(уәкілді органы)", "(уәкілді органы)", "(уәкілді орган)" деген сөздерден кейін "мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша", "және мемлекеттік басқару органы", "кәсіпорын мен мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 8 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші бөлік "(уәкілді органы)" деген сөздерден кейін "мемлекеттік басқару

органының ұсынуы бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөліктегі "оның құрылтайшысы (уәкілді органы)" деген сөздер алынып
т а с т а л с ы н ;

7) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы мынадай өкілеттіктерге ие:

1) мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын айқындау;
2) мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің ағымдағы және
перспективалық жоспарларын, оның ішінде жоспарлы қаржылық көрсеткіштерді,
оларды берудің мерзімділігі мен тәртібін қарау және бекіту;

3) уәкілді органға тиісті есепті мерзімді ұсына отырып, мемлекеттік
кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерінің
орындалуын бақылау және талдау;

4) мемлекеттік кәсіпорын қызметінің жекелеген мәселелерін реттейтін ішкі
қ ұ ж а т т а р д ы б е к і т у ;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен мемлекеттік
кәсіпорындардың басшыларын тағайындау және олардың конкурстық іріктеуін өткізу;

6) мемлекеттік кәсіпорын мүлкінің сақталуына және мақсатқа сай пайдаланылуына
б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р у ;

7) осы Заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен оның құзыретіне
жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.";

2 - т а р м а қ т а ғ ы :

"оның уәкілді органы тағайындайтын және оған есеп беретін кәсіпорынның" деген
сөздер "мемлекеттік басқару органына есеп беретін" деген сөздермен ауыстырылсын;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік басқару органы кәсіпорынның басшысымен қарым-қатынасы жеке
еңбек шарты арқылы ресімдейді.

Жеке еңбек шартында кәсіпорын басшысының құқығы, міндеті мен жауапкершілігі,
оның ішінде таза табыстың белгіленген бөлігін мемлекеттік бюджетке уақытылы
аудармағаны және қаржы-шаруашылық қызметі туралы мәліметтерді табыс етпегені
үшін, оның еңбек ету жағдайы, демалуы және материалдық жағынан қамтамасыз етілуі,
жеке еңбек шартының мерзімі және заңдарда көзделген кепілдіктер ескеріле отырып
атқаратын қызметінен босату негіздері белгіленеді.";

4-тармақ "меншік иесінің" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік басқару
органының" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "кәсіпорынның мүлкіне" деген сөздердің алдынан "осы Заңда белгіленген
шекте" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару

органы" деген сөздермен ауыстырылсын;
8-тармақтың бірінші бөлігіндегі "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару
органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 10 - б а п т а :

1-тармақтағы "қорлар мен" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтарымен толықтырылсын:

"4. Мемлекеттік кәсіпорындардың негізгі құралдарға жататын, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында бекітілген мүлікті, сондай-ақ оған тиесілі акцияларды сатуға және оған қатысты сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.

5. Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы мүлікті алу туралы шешімде уәкілді орган мемлекеттік кәсіпорынға алынған (алуға жататын) мүліктің баланстан есептен шығару мерзімін белгілеуге құқылы.";

9) 12 - б а п т ы ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

"оны окшаулау жөніндегі мәмілелерді қоспағанда" деген сөздер алынып тасталсын;

"жергілікті әкімнің" деген сөздер "жергілікті атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10) 13-баптың 2-тармағындағы "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару
органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 14 - б а п т а :

"оған уәкілді органның рұқсаты алынбаған" деген сөздер алынып тасталсын;

"уәкілді органның немесе өзге де құзыретті органның" деген сөздер "заңнамада анықталатын тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 16-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "уәкілді орган" деген сөздер "егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, уәкілді органның келісімі бойынша мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 21-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "қорлары", "қорының", "қорынан", "қорды" деген сөздер "капиталдары", "капиталының", "капиталынан", "капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 23 және 24-баптар алынып тасталсын;

15) 25 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі:

"уәкілді органның" деген сөздерден кейін "жазбаша" деген сөзбен толықтырылсын;

"меншік иесінің немесе уәкілді органның келісімінсіз кәсіпкерлік қызметтің мына түрлерін жасауға" деген сөздер "уәкілді органның келісімінсіз" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1) т а р м а қ ш а д а ғ ы :

"сатуға және беруге, айырбастауға" деген сөздер "шеттетуге немесе өзге әдістермен

билік етуге (осы Заңның 10-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда)," деген сөздермен ауыстырылсын;

"қорларын" деген сөз "құралдарын" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) оған тиесілі акцияларға (осы Заңның 10-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

2-2) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге ; "

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заемдар беруге құқығы жоқ.;"

екінші бөлігі алынып тасталсын;

3-тармақтағы "қорларға" деген сөз "құралдарға" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 26-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "уәкілді органның" деген сөздер " мемлекеттік басқару органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік кәсіпорындарын қоспағанда) таза табысының бөлігін аудару нормативін мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша жоспарлы жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін белгілейді.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бөлігін аудару нормативін мемлекеттік басқару органы жергілікті қаржы органдарының келісімі бойынша жоспарлы жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін белгілейді.

Белгіленген нормативтер бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бөлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджетке есепке алуға жатады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының таза табысының бөлігі ол анықтайтын мерзімде, мөлшерде және тәртіппен оның бюджетіне есепке алуға жатады.;"

18) 28 - баптағы :

"(тұтыну қорының)" деген сөздер алынып тасталсын;

"уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

19) 29-бап алынып тасталсын;

20) 35 - бапта :

2-тармақта "уәкілді органның келісімінсіз негізгі қорға" деген сөздер "мемлекеттік басқару органының келісімінсіз негізгі құралдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазыналық кәсіпорын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын

тәртіппен банк заемдарын пайдалануға құқылы."; 21) 36-бап алынып тасталсын; 22) 38-бапта:

бірінші бөліктегі "уәкілді органның" деген сөздердің алдынан ", осы Заңның 10-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын; үшінші бөлік алынып тасталсын;

23) 39-баптағы "уәкілді органдар" деген сөздер "мемлекеттік басқару органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 40-баптағы "уәкілді орган" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 41-баптың 1-тармағындағы "уәкілді орган бекітетін" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы бекітетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"42-бап. Қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазыналық кәсіпорынға еңбекке ақы төлеу қорын еңбекке ақы төлеу нысандарын мемлекеттік басқару органы белгілейді.

Қазыналық кәсіпорынға еңбекке ақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді." ;

27) 43-бап алынып тасталсын; 28) 45-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру уәкілді органмен келісілген мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, коммуналдық кәсіпорынды қайта құру - жергілікті атқарушы органның шешімімен жүргізіледі.";

2-тармақ алынып тасталсын;

29) 50-бапта:

1-тармағындағы "(осы Жарлықтың 24-бабы)" деген сөздер "негізгі кәсіпорынның уәкілді органымен келісілетін осы Заңның 25-бабының 1) 2-1) тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "жергілікті әкімнің" деген сөздер "жергілікті атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 жылғы 12 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан

Республикасының 2001 жылғы 2 наурыздағы Заңы):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алынып тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойынша "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Жекешелендіру кезінде Қазақстан Республикасының заң актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес оларды жүзеге асыру жекешелендіру объектісін сатудың шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар сатып алушы бола алмайды.";

5) 5-баптағы 1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік мүліктің мынадай түрлері жекешелендіру объектілері болып табылады:

1) мүліктік кешен ретіндегі мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекеме (бұдан әрі - кәсіпорын);

2) жекешелендіру тұйық технологиялық тізбекті бұзбайтын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері;

3) кәсіпорынның мүлкі;

4) акциялар;

5) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестер;

6) мемлекетке тиесілі акцияларға құқығын куәландыратын туынды бағалы қағаздар;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік мекемелерге бекітілген өзге де мемлекеттік мүлік.

2. Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тек қана мемлекеттік меншікте болатын мемлекеттік мүлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті және/немесе Үкіметінің шешімдеріне сәйкес жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлік жекешелендіру объектісі бола алмайды.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Рынокта үстем жағдайға ие болып отырған табиғи монополистер болып табылатын, сондай-ақ экономиканың жекелеген саласы (секторы) үшін стратегиялық мәні бар ұйымдардың мүліктік кешендерін немесе акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды және жекешелендірудің түріне арналған нұсқауды қамтуы тиіс. Стратегиялық маңызы бар экономикалық салалардың (секторлардың) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

6) 7, 8 және 9-баптар алынып тасталсын;

7) 10 - б а п т а :

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Мемлекетке тиесілі акциялар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлестері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекетке тиесілі акцияларды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлестерін сату акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарда белгіленген талаптар сақтала отырып жүргізілуге тиіс.";

8) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Жекешелендірудің түрлері

1. Жекешелендіру мынадай түрлерде жүзеге асырылады:

1) аукцион, тендер, қор биржасындағы сауда-саттық, екі кезеңді рәсімдер жолымен өтетін конкурс, туынды бағалы қағаздарды сату нысанындағы сауда-саттықта сату;

2) тікелей бәсірелі сату.

2. Мемлекеттік мүлікті сатуға тікелей алып келмейтін, бірақ оның кейіннен сатылуын көздейтін іс-әрекет (мемлекеттік кәсіпорынның акционерлік қоғам болып қайта құрылуы, жабық акционерлік қоғамның үлгісін ашық етіп өзгерту, мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру не оны тиісінше жалдаушы (жалгер) не сенім білдірілген басқарушы кейіннен сатып алу құқығымен сенім білдірілген басқаруға беру) жекешелендірудің түрлері ретінде емес, оның алдын ала сатылары ретінде қаралады.";

9) 13 - б а п т а :

1-тармақтағы бірінші сөйлем алынып тасталсын;

2-тармақтағы "осы Жарлықтың 14-бабымен" деген сөздер "осы Заңның 14-14-3-баптарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 14 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"шаруашылық серіктестіктердің жарғылық қорларындағы акциялары мен үлестері" деген сөздер "мемлекетке тиесілі акциялар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлестері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"республикалық ресми баспасөзде қазақ" деген сөздер "ресми басылымдарда мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы баппен белгіленген нормалар, егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, сауда-саттық өткізу кезінде қолданылады.";

11) мынадай мазмұндағы 14-1, 14-2 және 14-3 баптармен толықтырылсын:

"14-1. Қор биржасындағы сауда-саттық

1. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды қор биржасында сату Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына және биржалық сауда ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Шетел мемлекеттерінің қор биржаларында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатуға жол беріледі.

2. Сату туралы хабарлама қор биржасында сауда-саттық өткізуді бастағанға дейін он бес күннен кешіктірмей ресми басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануы және сауда-саттықтың өткізілетін күні, орны, сату объектісі және оның мөлшері туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Сатушы хабарламада мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатуға қатысты өзге де мәліметтерді көрсетуге құқылы.

3. Сатушының бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларымен жасалатын шарты мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатушы белгілеген ең аз бағадан төмен емес сату міндеттемесін қамтуы тиіс.

14-2-бап. Екі кезеңді рәсімдер жолымен өтетін конкурс

1. Қаржы кеңесшісінің қатысуымен екі кезеңді рәсімдер жолымен өтетін конкурс (бұдан әрі - конкурс) жекешелендіру бағасының басымдығын және/немесе өзге шарттарын анықтайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша өткізіледі.

2. Конкурс өзіне мынадай іс-шаралар жоспарын қамтиды:

1) заңдарда белгіленген тәртіппен қаржы кеңесшісін тарту;

2) жекешелендіру объектісін жан-жақты талдау, оның құнын бағалау және ықтимал сатып алушылар (инвесторлар) үшін сату объектісі туралы ақпараттық дерекқорды қалыптастыру;

3) сатушының жекешелендіру объектісін сату туралы хабарламаны ресми басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауы, сондай-ақ қаржы кеңесшісінің ықтимал сатып алушыларға (инвесторларға) сату туралы ұсынысын тарту;

4) қаржы кеңесшісінің ықтимал сатып алушылардың (инвесторлардың) ұсыныстарын қамтитын өтінімдердің тізбесін қалыптастыруы;

5) келіссөздер барысында ең жақсы ұсыныстар тапсырған кемінде екі ықтимал сатып алушыны (инвесторды) анықтау мақсатында қаржы кеңесшісінің қатысуымен сатушының ықтимал сатып алушылармен (инвесторлармен) өтінімдердің тізбесі бойынша келіссөздер өткізуі (конкурстың бірінші кезеңі);

6) бұрын ұсынылған шарттарды жақсарту тұрғысында қаржы кеңесшісінің қатысуымен сатушының конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздарымен келіссөздер өткізуі (конкурстың екінші кезеңі).

3. Сатушы, қаржы кеңесшісі және барлық конкурсқа қатысушылар өткізген

келіссөздердің әрбір кезеңінің қорытындылары бойынша оның нәтижелері туралы х а т т а м а ғ а қ о л қ о й ы л а д ы .

4. Конкурстың екінші кезеңінің барысында неғұрлым жақсы шарттар ұсынған ықтимал сатып алушы (инвестор) конкурсты жеңіп шыққан болып танылады.

5. Конкурстың жеңімпазы сатушы белгілеген мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан немесе жалтартқан жағдайда, ұсынысы екінші ең жақсы болып танылған ықтимал сатып алушы (инвестор) сатып алу-сату шартына қол қояды.

14-3-бап. Мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қ а ғ а з д а р д ы с а т у

1. Мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды (бұдан әрі - туынды бағалы қағаздар) сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Туынды бағалы қағаздарды сатудың негізгі шарттарын сатушы Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады.

3. Туынды бағалы қағаздарды сату туралы шешім туынды бағалы қағаздар шығарылған мемлекетке тиесілі акциялардың саны, сатылатын туынды бағалы қағаздардың түрі, аумағында туынды бағалы қағаздарды сату жүзеге асырылады деп болжамданатын шетелдік мемлекет (шетелдік мемлекеттер), мәмілені аяқтаудың соңғы мерзімі, туынды бағалы қағаздар меншік иелерінің құқықтарын іске асырудың шарттары мен тәртібі және қажет болған жағдайларда, өзге де шарттар туралы мәліметтер қ а м т ы л у ы т и і с . " ;

1 2) 1 5 - б а п т а :

1-тармақтағы "жалға", "жалға алушыға", "Жалгерге" деген сөздер "мүліктік жалдауға (жалға)", "жалдаушыға (жалгерге)", "Жалдаушыға (жалгерге)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

"жал" деген сөз "мүліктік жалдауға (жалға)" деген сөздермен ауыстырылсын;
"кәсіпорын" деген сөз алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 3) 1 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жекешелендірудің бастапқы кезеңі болып:

1) заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорынның акционерлік қоғам б о л ы п қ а й т а қ ұ р ы л у ы ;

2) Осы баптың 6-тармағында белгіленген жағдайда жабық акционерлік қоғамның ү л г і с і н а ш ы қ е т і п өзгерту;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүліктің сенімді басқаруға немесе кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) берілуі танылады.";

2, 3, 4-тармақтардағы "жалгер", "жалдау", "жалгермен", "жалгерді", "жалдау" деген

сөздер "жалдаушы (жалға алушы)," "мүліктік жал (жалға)", "жалдаушы (жалгер)", "жалдаушының ("жалгердің"), "мүліктік жалды (жалға)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Егер мемлекетке жабық акционерлік қоғамның сатуға жататын, шығарылған дауыс берілетін акцияларының кемінде үштен екісі тиесілі болса, осы акционерлік қоғам заңнамада белгіленген тәртіппен ашық акционерлік қоғам болып қайта құрылуға ж а т а д ы . " ;

1 4) 1 7 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

2-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары туралы, сондай-ақ егер жекешелендіру объектісі кәсіпорын мүліктік кешен болып табылса жасасқан келісім-шарттар мен шарттардағы кредиторлық және дебиторлық берешектердің сомасы туралы ақпаратты әзірлейді және ұсынады;"

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жарғылық капиталдарындағы акциялар мен мемлекеттің қатысу үлесі сату объектісі болып әрекет ететін мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары сатушының сұрау салуы бойынша олар анықтайтын мерзімде объектіні сатуға дайындау үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға м і н д е т т і .

Ұсынылған мәліметтердің растығы үшін жауапкершілік осы тармақта санамаланған заңды тұлғалардың басшылығына жүктеледі." ;

1 5) 1 8 - б а п т а :

тақырыбындағы "Жеке жобалар бойынша объектілерді" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 6) 2 2 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шарт талаптарының орындалуын бақылау сатып алушының міндеттемелерді орындауды аяқтаған сәтіне дейін жүргізіледі." ;

екінші бөлік "сатып алу-сату шартын" деген сөздерден кейін ", оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан," деген сөздермен толықтырылсын;

17) 26-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер сатып алу-сату шартын бұзуға тараптардың біреуінің айтарлықтай бұзуы себеп болса, екінші тарап мәміле бойынша орындағанының қайтарылуын және келтірілген зиян орнының толтырылуын талап етуге құқылы."

4. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-1 Қазақстан Республикасының Заңына (

Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж.
N 20 , 727 - қ ұ ж а т) :

8 - б а п т а :

2-тармақ "Мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін "(Қазақстан Республикасының Үкіметін және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімшілігін қоспағанда) және мемлекеттік кәсіпорындардың" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

5. "Акционерлік қоғамдар туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі N 281-1 Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1998 ж., N 17-18, 223-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; N 24, 1072-құжат):

1) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Үкіметін, жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер қоғамның құрылтайшысы немесе қатысушысы болып әрекет ете алмайды.";

2) 17-баптың 1-тармағындағы "Ашық қоғам" деген сөздер "Қоғам" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 22-баптың 4-тармағындағы "құрылтайшылары" деген сөз "акционерлерінің құрылтай немесе жалпы жиналысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 48 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;"

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "қабылдайды" деген сөздің алдынан ", ал инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта ұйымдастыру процесінде құрылған қоғамдарда - акцияларға дауыс беруге қатысушылардың кемінде үштен екісі мөлшеріндегі көпшілік" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 51 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қоғам жазбаша хабарлама жіберу жолымен "алтын акцияның" иесін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабардар етуге міндетті.

"Алтын акция" иесінің қоғамнан ақпарат алу бөлігінде акционерлермен бірдей құқығы бар.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта ұйымдастыру процесінде құрылған қоғамдар үшін - қоғам қайта ұйымдастырылғанға дейінгі инвестициялық жекешелендіру қорлары лицензияларының толық атауы мен нөмірі;"

6) 53 - б а п т а :

2-тармақтағы "оның ішінде" деген сөздерден кейін "осы баптың 2-1-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Инвестициялық жекешелендіру қорын (инвестициялық жекешелендіру қорларын) қайта ұйымдастыру жолымен құрылған қоғам акционерлерінің қайталанған жалпы жиналысының, егер оған қатысу үшін тіркеуді аяқтау сәтінде дауыс беретін акциялардың, оның ішінде сырттан дауыс беретін акционерлердің (немесе осындай акционерлердің өкілдері) бес жүзден астам иелері тіркелген болса, шешім қабылдауға заңды күші бар."

7) 57-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Он мыңнан астам акционерлері бар қоғамдардың, сондай-ақ инвестициялық жекешелендіру қорларының және инвестициялық жекешелендіру қорларын қайта ұйымдастыру жолымен құрылған қоғамдардың осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімде кемінде қырық мың дана таралыммен шығарылатын ресми басылымдарында жариялау жолымен таратусыз сырттан дауыс беруге арналған бюллетеньдерді таратуға құқығы бар."

8) 61-баптың 2-тармағы "қоғамның директорлар кеңесінің" деген сөздерден кейін "мемлекеттік қызметші болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 62-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Өзінің құзыретіне енгізілген мәселелер бойынша директорлар кеңесі оның құрамының кемінде үштен бір бөлігін құрайтын директорлар кеңесі мүшелерінің талап етуі бойынша қоғамның қаражаты есебінен тәуелсіз сарапшыларды, консультанттарды тартуға міндетті."

10) 63-баптың 5-тармағының бірінші бөлігіндегі "ашық қоғам" деген сөздердің алдынан "Қоғамның" барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін бір ғана акционері бар қоғамдарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

11) 67-баптың 1-тармағы "Директорлар кеңесінің мүшелеріне" деген сөздерден кейін "және алтын акцияның иесіне" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 72-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Атқарушы органның басшысы немесе оның атынан, оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлға, қоғамның атқарушы органы қабылдайтын шешімдерді өздеріне қатысты veto құқығы белгіленген мәселелер бойынша "алтын акцияның" иесімен келісуге міндетті."

13) 86-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жылдық қаржылық есептілік өзіне бухгалтерлік балансты, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепті, сондай-ақ қоғам ақшасының қозғалысы туралы есепті қамтиды."

14) мынадай мазмұндағы 88-1-баппен толықтырылсын:

"88-1-бап. Директорлар кеңесінің мүшелеріне қоғамның ақпараттарды беруі Қоғамның атқарушы органы директорлар кеңесінің мүшелеріне оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде сұрау салуды алған сәтінен бастап 10 күннен

кешіктірмей, қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаты бар ақпаратты уақытылы беруді қамтамасыз етеді."

2-бап. Мемлекеттік мекемелердің жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестері осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде сатылуы тиіс.

Осы Заңды қолданысқа енгізгенге дейін құрылған жабық акционерлік қоғамдардың резервтік капиталдары осы Заң күшіне енген күнінен бастап екі жыл ішінде қ а л ы п т а с у ы т и і с .

3-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті